

**Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға 2007 жылдың республикалық бюджетінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 129 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға 2007 жылдың республикалық бюджетінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 7                      ж ы л ғ ы                      2 0                      а қ п а н д а ғ ы  
N                      1 2 9                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға 2007 жылдың республикалық бюджетінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға 2007 жылдың республикалық бюджетінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бағдарламасының 107 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ( бұдан әрі - Министрлік) көзделген қаражат есебінен және шегінде құрама азықтың

құнын арзандату арқылы мал шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық өндірушілерді қолдау мақсатында ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар сиыр етін, шошқа етін және құс етін өндіру мен сатуды ынталандыру, жануарлардың өнімділігін, өндірілетін мал шаруашылығы өнімінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ірі қара малды, шошқаны және құсты бордақылау кезінде пайдаланылатын құрама азықтың құнын 45 %-ға дейін ішінара арзандатуға арналады.

Сиыр етін, шошқа етін, құс етін өндіруге маманданған отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі - арнайы кәсіпорындар) құрама азықты арзандатуға арналған субсидиялар төлеу сатылған сиыр етінің, шошқа етінің және құс етінің (бұдан әрі - өнім) сойыс салмағындағы іс жүзіндегі көлемі үшін жүргізіледі.

3. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген субсидиялар тиісті облыстың әкімі бекітетін субсидиялар алуға арналған тізімге енгізілген арнайы кәсіпорындарға төленеді.

4. Өнімді сатып алу-сату шартының ұсынылатын нысандарын, субсидиялар алуға арналған өтінімдерді, арнайы кәсіпорындарға қойылатын техникалық параметрлерді, сатылған өнім үшін субсидиялар төлеу туралы облыс бойынша біріктірілген жиынтық ведомосты, сондай-ақ қаражатты бөлудің жылдық сметасын Министрлік бекітеді.

5. Ірі қара малды, шошқаны және құсты бордақылау үшін пайдаланылатын құрама азықтың 1 (бір) килограммының құнын арзандату, өнімнің 1 (бір) килограммын өндіруге жұмсалатын құрама азық шығысының, өз өндірісінің сатылған өнімінің 1 (бір) килограммына арналған субсидиялардың нормативі осы Ережедегі қосымшаға сәйкес белгіленеді.

6. Министрлік облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық ауыл шаруашылығы департаменттері (басқармалары) (бұдан әрі - департамент (басқарма) мәлімдеген міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес аударады.

7. Арнайы кәсіпорындар өнімді еркін баға бойынша өз бетімен сатады.

**2. Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруға берілетін субсидияларды пайдалану тәртібі**

8. Облыс әкімінің шешімімен облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасарының төрағалығымен құрамында департаменттің (басқарманың), Министрліктің аумақтық инспекциясының, облыстық статистика басқармасының мамандары бар комиссия (бұдан әрі - Облыс комиссиясы) құрылады. Департамент (басқарма) Облыс комиссиясының жұмыс органы болып табылады. Облыс

комиссиясының құзыретіне мыналар кіреді:

1) үш жұмыс күні ішінде аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлім) ұсынған сатылатын өнімнің жоспарланып отырған көлеміне субсидиялар алуға арналған өтінімдерді, сондай-ақ арнайы кәсіпорындардың технологиялық параметрлерге сәйкестігін (бұдан әрі - материалдар) қарау;

2) материалдарды қарау қорытындылары бойынша арнайы кәсіпорындардың субсидиялар алуға арналған тізімін, субсидиялауға жататын өнімді сатуға арналған жылдық квоталарды, сондай-ақ субсидиялар көлемін облыс әкіміне бекітуге ұсыну;

3) бөлім ұсынған осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген субсидиялар алуға арналған құжаттарды бес жұмыс күні ішінде қарау және олар дұрыс болған жағдайда облыстың ауыл шаруашылығы департаментіне (басқармасына) субсидия төлеу туралы ұсыныс енгізеді.

9. Арнайы кәсіпорындар осы Ереже ресми жарияланған күнінен бастап екі апта мерзімде тиісті аудандардың бөлімдеріне субсидиялар алуға арналған материалдарды ұсынады.

10. Бөлім үш жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдарды тексеруді жүзеге асырады және олар сәйкес болған жағдайда аудан әкімінің қолымен Облыс комиссиясының қарауына жібереді.

11. Облыс әкімі:

арнайы кәсіпорындардың субсидиялар алу құқығына арналған тізімін; арнайы кәсіпорындарға берілетін квоталар мен сатылатын өнімнің жоспарланып отырған көлеміне арналған субсидиялардың көлемін бекітеді.

12. Тізімге енгізілген арнайы кәсіпорындар өнімнің сатылуына қарай субсидиялар алу үшін ай сайын 20-күнінен кешіктірмей бөлімге мынадай құжаттарды ұсынады:

өз өндірісінің сатылған өнімінің көлемі туралы арнайы кәсіпорын басшысының қолы қойылған анықтама;

өнімді сатып алу-сату шарты;

сатылған өнімге арналған төлем құжатының көшірмесі.

13. Бөлім әрбір айдың 25-күнінен кешіктірмей осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген жиналған құжаттарды Облыс комиссиясының қарауына ұсынады, ол осы Ереженің 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес субсидиялар төлеу туралы ұсыныс енгізеді.

14. Тиесілі субсидияларды тиісті арнайы кәсіпорындардың ағымдағы шоттарына аударуды департамент (басқарма) белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне 2 данадағы ақы төлеу шоттарының тізілімі мен ақы төлеу шотын ұсыну жолымен жүзеге асырады.

15. Департамент (басқарма) субсидиялар төлеу үшін ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты болады.

16. Департамент (басқарма) ай сайын есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 2007 жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірмей Министрлікке бюджеттік кіші бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есепті ұсынады.

17. Ағымдағы нысаналы трансферттердің мақсатты, тиімді және уақтылы орындалуы үшін Министрлік және облыс әкімдері жауапты болады.

Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға 2007 жылдың республикалық бюджетінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне қосымша

### **1. Құрама азықтың 1 килограммының құнын арзандату нормативі**

Өнімнің атауы	Құрама азықтың 1 килограммын арзандату нормативі, теңге
Құс (тауық) еті	18
Сыыр еті	9
Шошқа еті	12,6

### **2. Өндірілген және сатылған өнімнің 1 килограммына жұмсалатын құрама азық шығысының нормативі**

Өнімнің түрі	1 килограмм етті өндіруге жұмсалатын құрама азық шығысының мөлшері
Құс (тауық) еті	2,61
Сыыр еті	10
Шошқа еті	7

### **3. Өндірілген және сатылған өнімнің 1 килограммына арналған субсидиялардың нормативі**

Өнімнің түрі	Сойыс салмағындағы өз өндірісінің сатылған етінің 1 килограммына субсидияларының нормативі, теңге
Құс (тауық) еті	47
Сыыр еті	90
Шошқа еті	88